

## ТӘУЕЛСІЗДІККЕ 30 ЖЫЛ

Қарабаева З.М.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Т.ғ.к., доцент, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,

Алматы, Қазақстан

Karabaeva\_zarixan@mail.ru,

Махмадин.А.Д.<sup>2</sup>

<sup>2</sup>Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,

Халықаралық қатынастар факультеті, 1 курс, Алматы, Қазақстан;

[alima.makhmadin@mail.ru](mailto:alima.makhmadin@mail.ru)

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстан Республикасының егемен, тәуелсіз мемлекет ретіндегі даму үрдісі қарастырылды. Ел президенті Н.Ә.Назарбаевтың мемлекеттілігімізді сақтау мен нығайтудағы рөліне ерекше көңіл бөлінген. Тарихи өлшемдерге сәйкес қысқа мерзім ішінде біздің еліміз егеменді даму жолында ең маңызды қадамдарды жасады және айтарлықтай жетістіктерге жетті. Егемендік жолында қазақстандықтар көптеген қиыншылықтарға кезікті, бірақ олардың барлығын еңсеріп, еліміз жылдам экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңару жолына түсті. Қазіргі Қазақстан – өз даму бағыты бар, әлем мойындаған ел.

**Тірек сөздер:** тәуелсіздік, Қазақстан, Қазақстан Халқы Ассамблеясы, декларация, ядролық қауіпсіздік, ғарыш, көшбасшы.

Еліміз тәуелсіздік алған 1991 жылғы 16 желтоқсандағы айтулы күн әрбір Қазақстан азаматының есінде. Бұл – барлық мемлекет көлемінде атап өтілетін, ерекше мейрам. «Қазақстанның Тәуелсіздік күнін» өткізу күні кездейсоқ таңдалған жоқ. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңын қабылдап, республиканың дамуының жаңа кезеңін айқындап берді. Бұл заң тәуелсіз мемлекеттің шынайы егемендігін бекітті, елімізді сыртқы әлемнің тануына қол жеткізілді.

Тәуелсіздік жылдарында Елбасының - Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың саясатының арқасында Қазақстан дамушы экономикасы мен демократиялық негіздері бар мемлекетке айналды. Мемлекетіміз саясат, экономика, әлеуметтік сала, мәдениет және спорт сияқты түрлі салаларда үлкен жетістіктерге жетті.

Қазақ халқының ең үлкен жетістіктері мен мақтаныштарының бірі - елде бейбітшілік пен келісімде өмір сүретін барлық этностардың бірлігі. Қазіргі ұлтаралық қатынастарда кикілжіндер мен қақтығыстар орын алған тұрақсыз жағдайда Қазақстан ерекшеленеді.

Этносаралық бірлік пен түсіністіктің ерекше моделін қалыптастырудағы жауапты іс Қазақстан халқы Ассамблеясына жүктелген. Мемлекеттік ұлттық саясатты жүргізу осы ұйымның басты міндеті болып табылады. Ассамблеяны құру ұсынысы Тұңғыш Президент Н.Назарбаев Тәуелсіздіктің бірінші жылдығына арналған 1992 жылғы форумда жариялаған болатын. Ал 1995

жылы 1 наурызда Қазақстан Халқы Ассамблеясын құру туралы Президент Жарлығы шығып, оған мемлекет басшысы жанындағы консультативтік – кеңесші орган мәртебесі берілді. Бүгінде Ассамблея этносаралық келісімді, қоғамдағы толеранттылық пен халықтың бірлігін одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасауға өз үлесін қосуда. Сонымен қатар, ҚХА мемлекеттік органдарға қоғамдағы экстремизм мен радикализмнің көріністеріне қарсы тұруда, азаматтардың демократиялық нормаларға негізделген саяси және құқықтық мәдениетін қалыптастыруда көмек көрсетеді [1]/ Елімізде болған БҰҰ Бас хатшысы Кофи Аннан Қазақстанды «басқа мемлекеттер үшін ұлтаралық келісімнің, тұрақты дамудың үлгісі» деп атады. Оның айтуынша, «Қазақстан халықтары Ассамблеясының қызметі арқасында үлкен ұлтты құрайтын әр түрлі, этникалық, мәдени, діни топтар олардың өміріне әсер ететін маңызды шешімдер қабылдау процесіне қатыса алады».

1991 жылғы 2 қазанда ғарышқа «Союз ТМ-13» ғарыш кемесі көтеріледі. Қазақстан үшін бұл ерекше күн еді, себебі кеме бортында тарихымыздағы тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров бар еді. Оның орбитада ғарышкер-зерттеуші ретінде болу ұзақтығы 7 тәуліктен астам уақытқа созылады. Кейін 1994 жылғы 1 шілдеде «Союз ТМ-19» ғарыш кемесі ұшырылады, оның бортында тарихымыздағы екінші қазақ ғарышкері Талғат Мұсабаев болатын. Айта кету керек, ол ғарышқа 3 рет ұшқан болатын және оның ғарышта болуының жалпы ұзақтығы – 341 тәуліктен астам. Алғашқы Қазақстан азаматы ғарышқа 2015 жылғы 2 қыркүйекте «Союз ТМА-18М» ғарыш кемесімен ұшқан. Оның бортында Айдын Айымбетов болатын. Ғарышқа көтерілу уақытында ол ғарышта радиацияның адамға әсерін зерттеу бойынша бірқатар ғылыми зерттеулер жүргізді. Сондай-ақ, ол Арал және Каспий теңіздерінің экологиясына ғарыш мониторингін жүргізеді. Бұдан бөлек, ұшу аясында ол «Дастархан-6» экспериментін жасайды, оның мәні салмақсыздық күйіндегі адам ағзасына қазақ ұлттық тағамдарының әсерін зерттеу болатын. «Қазақстан-2050» стратегиясында еліміздің жан-жақты ғарыш саласын құру Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғыртудың стратегиялық міндеттерінің бірі ретінде айқындалған.

Қазақстан ядролық қауіпсіздік рейтингіндегі ең қауіпсіз елдердің қатарына кіреді. АҚШ-та ұсынылған Ядролық қауіпсіздік индексі рейтингінде Қазақстан 17-орынға ие болды [2]. Бұған Тұңғыш Президенттің 1991 жылғы Семей ядролық полигонын жабу туралы жарлығы ықпал етті. 1949 жылдың 29 тамызында полигонда алғашқы сынақ өткізілді. 40 жылдан астам уақыт өткен соң дәл осы күні полигонды жабу туралы жарлық шықты. Осы уақыт ішінде 500 жарылыс жасалып, мыңдаған адамдардың денсаулығы мен өміріне зиян келтірілді. Қазақстанның бастамасымен БҰҰ 29 тамызды Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күні деп жариялады.

Елдің жетістіктері туралы айта отырып, Қазақстанның астанасын назардан тыс қалдыруға болмайды. Атауын Астанадан Нұр-Сұлтанға ауыстырған қала еуразиялық кеңістіктегі ең заманауи қала болып қала береді. Мұны 1999 жылы ЮНЕСКО-ның «Бейбітшілік қаласы» деп берген марапаты

дәлелдейді, себебі бұл құрметті атақ қысқа уақыт ішінде барлық негізгі даму бағыттары бойынша нәтиже көрсеткен қалаларға ғана беріледі.

Тәуелсіздік кезеңінде республика беделді халықаралық ұйымдардың мүшесі болды. Атап айтқанда, Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Ислам ынтымақтастық ұйымы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Еуразиялық экономикалық одақ, Біртұтас экономикалық кеңістік, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымдарының құрамында [3]. ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастық барысында Қазақстанның жеткен жетістіктері көп: ЕҚЫҰ Орталық Азиядағы экономикалық жағдайға байланысты, осы территорияның нарықтық экономикаға өтуіне сай, экономикалық реформалар жүргізу, адам құқықтарын қорғау мен аймақтың қауіпсіздігі салаларын бойынша семинарлар өткізілді. Қазіргі уақытта Қазақстан халықаралық және аймақтық ұйымдар мүшесі ретінде Азияда сенім шараларын орнату, Еуразия кеңістігіндегі ықпалдастыққа негізделген үдерістерді нығайту, әртүрлі мәдениеттер мен діндер бірлігіне шақыру мен ұжымдық қауіпсіздікті нығайту бағытында нәтижелі жұмыстар атқаруда [4, 361-б.]

2012 жылы Қазақстан 2013-2014 жылдардағы Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық есебінде әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді. Сонау 2000 жылдардың басында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті әлемнің дамыған елдерінің қатарына кіру туралы ұлттық міндет қойды. 2012 жылы желтоқсанда Н.Назарбаевтың халыққа Жолдауында Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы ұсынылды. Оның басты мақсаты - мықты мемлекетке, дамыған экономикаға және жалпыға бірдей еңбек ету мүмкіндіктеріне, Қазақстанның әлемдегі ең дамыған отыз елдің қатарына кіруіне негізделген әл-ауқат қоғамын құру. Осы уақыт ішінде ЖІӨ көлемі 18 есе өсті, халықтың табысы тоғыз есе өсті, кедейлік деңгейі 10 есе азайды. 2017 жылы Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып ЭКСПО Халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізді. Оған 115 мемлекет пен 22 халықаралық ұйым қатысты. Көрмеге төрт миллионға жуық адам қатысты, оның жарты миллионы басқа елдерден келді [3]№

Қазақстанның барлық аталған жетістіктері небары 29 жыл ішінде қол жеткізілді, бұл тарихи өлшемдер бойынша қысқа мерзім. Қазіргі уақытта Қазақстан аймақтық көшбасшы болып саналады және бәсекеге қабілетті экономикасы бар 30 елдің қатарынан өзінің лайықты орнын алуға тырысуда. Мұның бәрі тәуелсіздік алудың және Қазақстан халқының әрқашан жақсаруға деген ұмтылысының арқасында мүмкін болды.

## ӘДЕБИЕТ

1 Деятельность Ассамблеи народа Казахстана [Электр. ресурс]. – Кіру режимі URL:<https://assembly.kz/ru/ank/deyatelnost-assamblei-naroda-kazakhstan>- (Қараған күні 25.11.2020).

2 Beenish Altaf. NTI's 2016 Nuclear Security Index Report [Электр. ресурс]. – Кіру режимі: URL: <http://issp.in/ntis-2016-nuclear-security-index-report/> - Қараған күні 14.11.2020).

3 Козова З. 10 главных достижений Казахстана за годы Независимости [Электр. ресурс]. – Кіру режимі: URL: <https://liter.kz/13927-10-glavnyh-dostigeniy-kazahstana-za-gody-nezavisimosti/> - (Қараған күні 25.11.2020).

4 Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. – Алматы, 2010. - 361-362 бб.

#### REFERENCES

1 Deyatelnost Assambleï naroda Kazaxstana (Activities of the Assembly of People of Kazakhstan). [Elektr. resurs]. – Kіru rejіmi URL:<https://assembly.kz/ru/ank/deyatelnost-assamblei-naroda-kazakhstan-> (Qaragankuni 25.11.2020).

2 Beenish Altaf. NTI's 2016 Nuclear Security Index Report [Elektr. resurs]. – Kіru rejіmi: URL: <http://issp.in/ntis-2016-nuclear-security-index-report/> - Qaragan kuni 14.11.2020).

3 Kozova Z. 10 glavnyh dostijeniy Kazaxstana za godi Nezavisimosti (10 main achievements of Kazakhstan during the years of Independence). [Elektr. resurs]. – Kіru rejіmi: URL: <https://liter.kz/13927-10-glavnyh-dostigeniykazahstana-za-gody-nezavisimosti/> - (Qaragan kuni 25.11.2020).

4 Ayagan B.G., ÄAjanov X.M., Maxat D.A. Qazirgi Qazaqstan tarіhi (Modern history of Kazakhstan). – Almaty, 2010. - 361-362 p.

### 30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ

Карабаева З.М.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>канд.ист.наук, доцент КазУМОиМЯ им. Абылай хана,  
Алматы, Казахстан, [Karabaeva\\_zapixan@mail.ru](mailto:Karabaeva_zapixan@mail.ru),

Махмадин А.Д.<sup>2</sup>

<sup>2</sup>студент 1 курса Факультета международных отношений,  
КазУМОиМЯ им. Абылай хана,

Алматы, Казахстан, [alima.makhmadin@mail.ru](mailto:alima.makhmadin@mail.ru)

**Аннотация.** В статье рассматривается процесс развития Казахстана как суверенного, независимого государства. Особое внимание уделяется роли Президента Нурсултана Назарбаева в сохранении и укреплении нашей государственности. В соответствии с историческими стандартами за короткий период времени наша страна сделала серьезные шаги по пути суверенного развития и достигла значительных результатов. Казахстанцы столкнулись со многими трудностями на пути к независимости, но преодолев их всех, страна встала на путь быстрой экономической, социальной и политической модернизации. Современный Казахстан - международно признанная страна со своим направлением развития.

**Ключевые слова:** независимость, Казахстан, Ассамблея народа Казахстана, декларация, ядерная безопасность, космос, лидер.

### 30 YEARS OF INDEPENDENCE

Karabaeva Z.M.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>PhD, associate professor.

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages  
Almaty, Kazakhstan, [Karabaeva\\_zapixan@mail.ru](mailto:Karabaeva_zapixan@mail.ru),

Makhmadin A.D.<sup>2</sup>

<sup>2</sup> 1<sup>st</sup> year student, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Faculty of International Relations, 1year; Almaty, Kazakhstan; [alima.makhmadin@mail.ru](mailto:alima.makhmadin@mail.ru)

**Abstract.** The article examines the development process of Kazakhstan as a sovereign, independent state. Particular attention is paid to the role of President Nursultan Nazarbayev in the preservation and strengthening of our statehood. In accordance with historical standards, in a short period of time our country has taken major steps towards sovereign development and achieved significant results. Kazakhstanis faced many difficulties on the way to independence, but overcome all of them and the country embarked on the path of rapid economic, social and political modernization. Modern Kazakhstan is an internationally recognized country with its own direction of development.

**Key words:** independence, Kazakhstan, Assembly of the People of Kazakhstan, declaration, nuclear security, space, leader.

Статья поступила 12.12.2020